Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat ınstıtýtynyń

# JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №1 (64)-2021

**Құрылтайшы және баспагер:**
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
**2006 жылдан бастап шығады**
Журналдың материалдары
**www.zqai.kz**
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес құрамы**

**Сәрпеков Р.Қ.** - *Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) – (төраға)*
**Абайділдинов Е.М.** – *з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Абызов Р.М.** – *з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)*
**Белых В.С.** – *з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)*
**Губин Е.П.** – *з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Мельник Р.С.** – *з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Моисеев А.А.** – *з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Муромцев Г.И.** – *з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Рахметов С.М.** – *з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Малиновский В.А.** – *з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Унзила Шапақ** – *з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

**Бас редактор**
**Дүйсенов Е.А.** – *з.ғ.к.*

**Редакциялық алқа құрамы**
**Азер Алиев** – *PhD (Киль, Германия)*
**Айымбетов М.А.** – *ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Байниязова З.С.** – *з.ғ.к. (Саратов, Ресей)*
**Жанғарашев Р.М.** – *LLM (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Қазбаева Ә.Ғ.** – *з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Казиев З.Ғ.** – *з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Қайырбаева Л.К.** – *PhD (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Киязова А.Ж.** – *LLM (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Қоныс В.Т.** – *з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Құлжабаева Ж.О.** – *з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Нұрғазинов Б.Қ.** – *з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Нұрмағамбетов Р.Ғ.** – *PhD (Челябинск, Ресей)*
**Примашев Н.М.** – *з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
**Рахымбердин К.Х.** – *з.ғ.д. (Өскемен, Қазақстан)*
**Тегізбекова Ж.Ч.** – *з.ғ.к. (Бішкек, Қырғызстан)*

**Журнал редакциясы**
Джамбуршин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Тасирова А.С.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

*Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінің БАҚ есепке қою туралы куәлігі № 17761-Ж 25.06.2019 ж. (Алғашқы есепке қою кезі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)*

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ., 19, Е-блогы, 306-каб.,тел.: 8(7172) 26-61-22
**www.zqai.kz,** E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

**Редакция бағанасы ........................................................................ 7**

**Конституциялық және әкімшілік құқық**

**Р.Қ. СӘРПЕКОВ** Заң жобалау қызметіндегі жариялылықты қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасында норма шығаруды жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер қабылдау тұрғысынан ғылыми құқықтық сараптаманы жаңғырту мәселелері ............ 13

**Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ, А.А. КАРАЕВ** Заңнамалық және заңға тәуелді реттеудің аражігін ажыратудың кейбір мәселелері ............ 22

**Р.С. МЕЛЬНИК** Әкімшілік қалау: ұғымы, түрлері және қолданылу заңдылығы шарттары ............ 35

**Н. СӘУЛЕН, Н. СӘУЛЕН, Р.Д. БЕРНАЗАРОВА** Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі әкімшілік реформалар ............ 47

**Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ, Г.С. ДӘРІБАЕВ** Рухани жаңғыру аясында құқықтық мәдениетті арттырудағы құқықтық тәрбие және білім берудің маңыздылығы ............ 57

**Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА** Мемлекеттік органдардың әрекеттеріне, әрекетсіздігіне дау айту туралы істер бойынша сот ісін жүргізу институты: қалыптасу кезеңдері ............ 71

**Азаматтық және азаматтық-процестік құқық**

**А.Ж. ҚИЯЗОВА** Корпоративтік актілер кәсіпкерлік және кәсіби қызметтің өзін-өзі реттеу құралы ретінде ............ 80

**С.А. АКИМБЕКОВА, Н.Р. МАКСАТОВ** Сот және прокуратураның өзара іс-қимылы: теория және практика мәселелері ............ 91

**С.С. ҚАРЖАУБАЕВ** Жалдау (жалға алу) саласындағы тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мәселесі ............ 99

**Б.О. АЛТЫНБАСОВ** Құқықтық зерттеудің эмпирикалық әдістерін пайдаланудың теориялық негіздері: халықаралық тәжірибе ............ 108

**М.Х. ХАСЕНОВ, Р.О. БУКЕНОВ** Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы еңбекті құқықтық реттеудегі олқылықтар мен қайшылықтар ............ 120

**С.А. ЫНТЫМАҚОВ** Қордың құқықтық жағдайына қатысты кейбір құқықтық мәселелер ............ 132

**А.К. ҚАЛДЫБАЕВ** Шарт еркіндігі принципі және корпоративтік келісім ............ 142

**Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс**

**В.И. МАЙОРОВ, П.В. ВОЛОШИН, С.В. ПОЛЯКОВА, О.Н. ДУНАЕВА** Ресейдегі жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде қамтамасыз ету ............ 152

**Д.А. ФИНК** Адвокаттың қылмыстық-процестік ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асырудың кейбір мәселелері ............ 159

**Б.Ж. ҚЫЗДАРБЕКОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА** Заңнамадағы «терроризм актісі» түсінігі және қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары....165
**Е.А. ОМАРОВ, Ж. ҚҰМАРБЕКҚЫЗЫ** Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша мүлікті тәркілеудің құқықтық табиғаты ....173
**Ф.С. ЖАҚСЫБЕКОВА** Экологиялық қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізудегі қылмыстық саясат....184
**Г.А. ҚУАНАЛИЕВА, Г.Н. РАХИМОВА, Р.А. АБДЫРАИМОВ** Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісін анықтаудың кейбір мәселелері ....191

**Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану**
**Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА, Д.Ө. САЛЫҚОВА** Халықаралық қылмыстық сот төрелігі органдары: генезисі, халықаралық қылмыстық соттың пәндік юрисдикциясы, рим жарғысын ратификациялау мәселелері ....200

**Құқықтық мониторинг**
**А.Қ. ҚАНАТОВ, К.Е. ИСМАҒҰЛОВ** Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның Қазақстан Республикасы заңнамасы жүйесіндегі орны (құқықтық талдау) ....213
**М.И. ДЯЧУК** Қазақстан Республикасында медиация институтын дамыту ....219

**Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан**
**Е.С. САФУАНИ** Заңнамада терминдерді қолданудың кейбір проблемалары....233
**Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА** Мемлекеттік тілдегі лингвистикалық сараптама мәселелері ....238

**Жас ғалым мінбері**
**А.М. НЕМЕРЕБАЕВА** Мәслихаттар өкілді органдар ретінде және олардың азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырудағы рөлі ....244
**А.О. МАКРУШИН** Қазақстан Республикасындағы заң консультанттарының қызметін реттеудегі кейбір мәселелер туралы ....251
**А. МУСАХАН** Халықаралық әдет-ғұрып құқығы нормаларының Европалық Одақ құқығында қолданылуы....258
**С.Т. ӘБИІРБЕК** Халықаралық құқықтағы танылмаған мемлекеттер құқығы ....266
**М.Е. САҒЫНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ** Итальяндық жазушы Пьеранжело Каталаноның еңбектеріндегі ius fetiale түсінігі ....277
**А.Ж. ҚАЛМАҒАМБЕТОВ, Г.Н. КУЗЕМБАЕВА** Нормативтік құқықтық актілерге заң сараптамасын құқықтық реттеудегі кемшіліктер және оның құқықтық салдары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда №21716 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысы мысалында) ....285
**Д.М. СӘРСЕМБАЕВ** Еуразиялық интеграция шеңберіндегі халықаралық-құқықтық валюталық реттеу (бірыңғай валюта туралы мәселеге қатысты)....294
**Р.Ж. ҚОЖАХМЕТОВА** Кәмелетке толмағандардың суицидтерін алдын алудың құқықтық аспектілері және құқықтық жүйеге ұсыныстарды имплементациялау бойынша ұсынымдар....304

**«Жаршының» архивтегі беттері**
**Р.Н. ЮРЧЕНКО** Алқабилер қатысатын қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері туралы (ҚР ЗИ Жаршысы №4-2006 ж. – 79-97 бб.)....313
**С.С. ҚАРЖАУБАЕВ** з.ғ.к. Р.Н. Юрченконың «Алқабилер қатысатын қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері туралы» ғылыми жарияланымына қайта оралғанда....331

**Есімнама**
Журналдың редколлегия мүшесі, заң ғылымдарының докторы Қ.Х. Рахимбердин – 50 жаста ....336
**М.Р. ГЕТА** Ғалым, азамат, педагог, құқық қорғаушы (заң ғылымдарының докторы Қ.Х. Рахимбердиннің 50 жылдығына орай) ....337

**Библиография**
«Европейская система защиты прав человека: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Абашидзе А.Х., Алисиевич Е.С. (под редакцией Абашидзе А.Х. – М.: Юрайт, 2017. – 140 с.)» атты кітапқа рецензия....341

ZQAI

# ВЕСТНИК

## Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

## научно-правовой журнал №1 (64)-2021

**Учредитель и издатель:**
РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
**Издается с 2006 года**
Все материалы журнала размещаются на сайте **www.zqai.kz**
Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г. )

**Состав Редакционного совета**

**Сарпеков Р.К.** – *Заслуженный деятель Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) – (председатель)*
**Абайдельдинов Е.М.** – *д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Абызов Р.М.** – *д.ю.н. (Барнаул, Россия)*
**Белых В.С.** – *д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)*
**Губин Е.П.** – *д.ю.н. (Москва, Россия)*
**Мельник Р.С.** – *д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Моисеев А.А.** – *д.ю.н. (Москва, Россия)*
**Муромцев Г.И.** – *д.ю.н.( Москва, Россия)*
**Рахметов С.М.** – *д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Малиновский В.А.** – *д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Унзила Шапак** – *д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*

**Главный редактор**

**Дюсенов Е.А.** – *к.ю.н.*

**Состав Редакционной коллегии**

**Азер Алиев** – *PhD (Киль, Германия)*
**Айымбетов М.А.** – *заслуженный деятель культуры РК (Нур-Султан, Казахстан)*
**Байниязова З.С.** – *к.ю.н. (Саратов, Россия)*
**Джангарашев Р.М.** – *LLM (Нур-Султан, Казахстан)*
**Казбаева А.Г.** – *к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Казиев З.Г.** – *к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Каирбаева Л.К.** – *PhD (Нур-Султан, Казахстан)*
**Киязова А.Ж.** – *LLM (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)***Конусова В.Т.** – *к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Кулжабаева Ж.О.** – *к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Нургазинов Б.К.** – *к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Нурмагамбетов Р.Г.** – *PhD (Челябинск, Россия)*
**Примашев Н.М.** – *к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)*
**Рахимбердин К.Х.** – *д.ю.н. (Усть-Каменогорск, Казахстан)*
**Тегизбекова Ж.Ч.** – *к.ю.н. (Бишкек, Кыргызстан)*

**Редакция журнала**

Джамбуршин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Тасирова А.С.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

*Свидетельство о постановке на учет СМИ № 17761-Ж от 25.06.2019 г. Комитета информации Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан (Первичная постановка на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)*

**Адрес:** Республика Казахстан,010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра,19, блок Е, каб. 306, тел.: 8 (7172) 26-61-22
**www.zqai.kz,** E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

**Колонка редакции................................................................ 9**

**Конституционное и административное право**

**Р.К. САРПЕКОВ** Вопросы обеспечения публичности в законопроектной деятельности и модернизации научной правовой экспертизы в свете принятия в Республике Казахстан законодательных поправок по вопросам совершенствования нормотворчества .......................................................................... 13

**Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.А. КАРАЕВ** Некоторые вопросы разграничения законодательного и подзаконного регулирования ............................ 22

**Р.С. МЕЛЬНИК** Административное усмотрение: понятие, виды и условия правомерности применения.................... 35

**Н. САУЛЕН, Н. САУЛЕН, Р.Д. БЕРНАЗАРОВА** Административные реформы в совершенствовании системы государственного управления ............................................. 47

**Т.Б. ЖУМАГУЛОВ, Г.С. ДАРИБАЕВ** Важность правового воспитания и образования в повышении правовой культуры в контексте модернизации общественного сознания ..................................................................... 57

**Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА** Институт судебного производства по делам об оспаривании действий, бездействий государственных органов: этапы становления ......................................................................................... 71

**Гражданское и гражданско-процессуальное право**

**А.Ж. КИЯЗОВА** Корпоративные акты как средство саморегулирования предпринимательской и профессиональной деятельности ..................................................... 80

**С.А. АКИМБЕКОВА, Н.Р. МАКСАТОВ** Взаимодействие суда и прокуратуры: вопросы теории и практики.......................................................................................... 91

**С.С. КАРЖАУБАЕВ** К вопросу совершенствования жилищного законодательства в сфере аренды ................................ 99

**Б.О. АЛТЫНБАСОВ** Теоретические основы использования эмпирических методов правового исследования: международный опыт............................................. 108

**М.Х. ХАСЕНОВ, Р.О. БУКЕНОВ** Пробелы и коллизии правового регулирования труда в сфере физической культуры и спорта в Республике Казахстан................ 120

**С.А. ЫНТЫМАКОВ** Некоторые правовые вопросы, касающиеся правового положения фонда ..................................... 132

**А.К. КАЛДЫБАЕВ** Принцип свободы договора и корпоративный договор.................................................................. 142

**Уголовное право и уголовный процесс**

**В.И. МАЙОРОВ, П.В. ВОЛОШИН, С.В. ПОЛЯКОВА, О.Н. ДУНАЕВА** Обеспечение безопасности участников дорожного движения в России на основе риск-ориентированного подхода........................................................... 152

**Д.А. ФИНК** Некоторые вопросы реализации права адвоката на доступ к уголовно-процессуальной информации ..... 159

**Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА**
Понятие «акт терроризма» в законодательстве и условия освобождения от уголовной ответственности.....165

**Е.А. ОМАРОВ, Ж. КУМАРБЕККЫЗЫ** Правовая природа конфискации имущества по уголовному законодательству Республики Казахстан.....173

**Ф.С. ЖАКСЫБЕКОВА** Уголовная политика в борьбе с экологической преступностью.....184

**Г.А. КУАНАЛИЕВА, Г.Н. РАХИМОВА, Р.А. АБДЫРАИМОВ** Некоторые вопросы определения субъекта уголовного правонарушения.....191

**Международное право и сравнительное правоведение**

**Ж.О. КУЛЖАБАЕВА, Д.О. САЛЫКОВА** Органы международного уголовного правосудия: генезис, предметная юрисдикция международного уголовного суда, проблемы ратификации римского статута.....200

**Правовой мониторинг**

**А.К. КАНАТОВ, К.Е. ИСМАГУЛОВ** Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан (правовой анализ).....213

**М.И. ДЯЧУК** Развитие института медиации в Республике Казахстан.....219

**Из практики законотворчества на государственном языке**

**Е.С. САФУАНИ** Некоторые проблемы использования терминов в законодательстве.....233

**Л.С. ТУРГАНБАЕВА** Проблемы лингвистической экспертизы на государственном языке.....238

**Трибуна молодого ученого**

**А.М. НЕМЕРЕБАЕВА** Маслихат как представительные органы и их роль в осуществлении прав граждан на участие в управлении делами государства.....244

**А.О. МАКРУШИН** О некоторых вопросах регулирования деятельности юридических консультантов в Республике Казахстан.....251

**А. МУСАХАН** Применение норм международного обычного права в праве Европейского Союза.....258

**С.Т. АБИРБЕК** Право непризнанных государств в международном праве.....266

**М.Е. САГИНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ** Понятие ius fetiale в трудах итальянского романиста Пьеранжело Каталано.....277

**А.Ж. КАЛМАГАМБЕТОВ, Г.Н. КУЗЕМБАЕВА** О недостатках правового регулирования юридической экспертизы нормативных правовых актов и их юридических последствиях (на примере Постановления Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка № 114 от 30 ноября 2020 года, зарегистрированного Министерством юстиции Республики Казахстан 2 декабря 2020 года № 21716 ).....285

**Д.М. САРСЕМБАЕВ** Международно-правовое валютное регулирование в рамках евразийской интеграции (к вопросу о единой валюте).....294

**Р.Ж. КОЖАХМЕТОВА** Правовые аспекты предупреждения суицидов несовершеннолетних и рекомендации по имплементации предложений в правовую систему.....304

**Архивные страницы «Вестника»**

**Р.Н. ЮРЧЕНКО** О некоторых вопросах судопроизводства по уголовным делам с участием присяжных заседателей (статья в Вестнике ИЗ РК №4-2006 г. – С. 79-97).....313

**С.С. КАРЖАУБАЕВ** Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Р.Н. Юрченко «О некоторых вопросах судопроизводства по уголовным делам с участием присяжных заседателей».....331

**Персоналии**

Члену редколлегии журнала, доктору юридических наук К.Х. Рахимбердину – 50 лет.....336

**М.Р. ГЕТА** Ученый, гражданин, педагог, правозащитник (в честь 50-летнего юбилея доктора юридических наук К.Х. Рахимбердина).....337

**Библиография**

Рецензия на книгу «Европейская система защиты прав человека: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Абашидзе А.Х., Алисиевич Е.С; под редакцией Абашидзе А.Х. – М.: Юрайт, 2017. – 140 с.».....341

Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

# JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (64)-2021

**Founder and publisher:**
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
**Published since 2006**
All journal materials are placed on the website
**www.zqai.kz**
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

**Editorial Council members**
**Sarpekov R.K.** – *Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)*
**Abaydeldinov E.M.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Abyzov R.M.** – *d.j.s. (Barnaul, Russian)*
**Belih V.S.** – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*
**Gubin E.P.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Melnik R.S.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Moiseev A.A.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Muromcev G.I.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Rahmetov S.M.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Malinovski V.A.** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Unzila Shapak** – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

**Chief Editor**
**Dyussenov Ye.A.** – *c.j.s.*

**Editorial Board members**
**Azer Aliyev** – *PhD (Kiel, Germany)*
**Aiymbetov M.A.** – *Honored Worker of Culture of Kazakhstan, (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Bainiyazova Z.S.** – *c.j.s. (Saratov, Russian)*
**Dzhangarashev R.M.** – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Kazbayeva A.G.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Kaziyev Z.G.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Kairbaeva L.K.** – *PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Kiyazova A.Zh.** – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Konusova V.T.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Kulzhabayeva Zh.O.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Nurgazinov B. K.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Nurmagambetov R.G.** – *PhD (Chelyabinsk, Russian)*
**Primashev N.M.** – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
**Rakhimberdin K.H.** – *d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)*
**Tegizbekova Zh.Ch.** – *c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)*

**The editorial staff**
Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Tassirova A.S
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel .: 8 (7172) 26-61-29

*The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)*

**Address:**
The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block E, office 306,тел.:8(7172)26-61-22
**www.zqai.kz,** E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

**Editorial** ........ 11

**Constitutional and Administrative Law**

**R.K. SARPEKOV** Issues of ensuring publicity in legislative activity and modernization of scientific legal expertise in light of adoption of legislative amendments in the Republic of Kazakhstan on improving rule-making ........ 13

**L.T. ZHANUZAKOVA, B.K. NURGAZINOV, A.A. KARAYEV** Certain questions of definition of legislative and sublegal regulation ........ 22

**R.S. MELNYK** Administrative Discretion: Concept, Types and Conditions of Application Eligibility ........ 35

**N. SAULEN, N. SAULEN, R.D. BERNAZAROVA** Administrative reforms in the improvement of the public administration system ........ 47

**T. ZHUMAGULOV, G. DARIBAYEV** The importance of legal education and education in improving the legal culture in the context of modernization of public consciousness........ 57

**ZH.Y. SAILIBAYEVA** Institute of Judicial Proceedings in Cases of Challenging Actions, inaction of State Bodies: Stages of Formation ........ 71

**Civil and Civil Procedure Law**

**A.J. KIYAZOVA** Corporate acts as a means of self-regulation of business and professional activities ........ 80

**S.A. AKIMBEKOVA, N.R. MAXATOV** Interaction of court and prosecutor's office: issues of theory and practice ........ 91

**S.S. KARZHAUBAYEV** On the issue of the improvement of the housing legislation in the field of rent ........ 99

**B.O. ALTYNBASSOV** The theoretical framework of using empirical legal research methods: international experience ........ 108

**M.K. KHASSENOV, R.O. BUKENOV** The gaps and collisions in legal regulation of labor in the sphere of physical culture and sport in the Republic of Kazakhstan........ 120

**S.A. YNTYMAKOV** Certain legal issues concerning the legal status of the foundation ........ 132

**A. KALDYBAYEV** The principle of freedom of contract and corporate contract........ 142

**Criminal law and Criminal procedure**

**V.I. MAYOROV, P.V. VOLOSHIN, S.V.POLYAKOVA, O.N. DUNAEVA** Ensuring the safety of road users in russia based on a risk-based approach........ 152

**D.A. FINK** Certain issues on relation to the exercise of the right of counsel to access to criminal procedure information........ 159

**B.ZH. KYZDARBEKOVA, E.N. KALIAKPEROVA** The concept of «act of terrorism» in the legislation and conditions for exemption from criminal liability....165
**Y.A. OMAROV, ZH. KUMARBEKKYZY** The legal nature of confiscation under the criminal law of the Republic of Kazakhstan....173
**F.S. ZHAXYBEKOVA** Criminal policy in the fight against environmental crime....184
**G.A. KUANALIYEVA, G.N. RAKHIMOVA, R.A. ABDYRAIMOV** Certain issues of determining the subject of a criminal offense....191

**International law and Comparative law**
**ZH. KULZHABAYEVA, D. SALYKOVA** International criminal justice bodies: genesis, subject jurisdiction of the international criminal court, problems of ratification of the rome statute....200

**Legal monitoring**
**A.K. KANATOV, K.E. ISMAGULOV** Place of the declaration of state sovereignty in the system of legislation of the Republic of Kazakhstan (legal analysis)....213
**M.I. DYACHUK** Development of the mediation institute in the Republic of Kazakhstan....219

**From the lawmaking practice in the official language**
**E.S. SAFUANI** Certain problems with the use of terms in legislation....233
**L.S. TURGANBAYEVA** Problems of linguistic examination in the state language....238

**Young researchers' tribune**
**A.M. NEMEREBAYEVA** Maslikhat as representative bodies and their role in the exercise of the right of citizens to participate in the governance of state....244
**A.O. MAKRUSHIN** On some issues of regulation of the activity of legal consultants in the Republic of Kazakhstan....251
**A. MUSSAKHAN** Application of customary international law norms within European Union law....258
**S. ABIRBEK** The law of unrecognized states in international law....266
**M.E. SAGINAYEV, A.T. BAIZAKOV** The concept of ius fetiale in the works of the italian novelist Pierangelo Catalano....277
**A.ZH. KALMAGAMBETOV, G.N. KUZEMBAYEVA** On the fault of legal regulation of the legal expertise of normative legal acts and their legal consequences (On the example of the Board Decree of the Agency of the Republic of Kazakhstan for the Regulation and Development of the Financial Market No. 114 dated November 30, 2020, registered by the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on December 2, 2020 No. 21716)....285
**D.M. SARSEMBAYEV** International legal regulation of currency in the framework of eurasian integration (on the issue of the single currency)....294
**R. KOZHAKHMETOVA** Legal aspects of preventing suicide of minors and recommendations for the implementation of proposals in the legal system....304

**The archive pages of the «Bulletin»**
**R.N. YURCHENKO** On certain issues of jury trials in criminal cases (article in Bulletin of the IL RK No. 4-2006 - P. 79-97)....313
**S.S. KARZHAUBAYEV** Returning to the scientific publication of, candidate of Law, R.N. Yurchenko, «On certain issues of trial by jury in criminal cases»....331

**Personalities**
Member of the Editorial Board, Doctor of Law K.H. Rakhimberdin is 50 years old....336
**M.R. GETA** Scientist, citizen, educator, human rights activist (in honor of the 50th anniversary of Doctor of law K.Kh. Rakhimberdin)....337

**Bibliography**
Review of the book «The European System of Human Rights Protection»: textbook for undergraduate and graduate studies / A.Kh. Abashidze, E.S. Alisievich; edited by A.Kh. Abashidze – M.: Юрайт, 2017. – 140 p. Review of the....341

*23. Narveson J. The Libertarian Idea. NY.: Broadview Press, 2001.*
*24. Нозик Р. Анархия, государство и утопия / Р. Нозик – «Интермедиатор», 1974.*
*25. Shmidt-Assmann E. Zahalne administratyvne pravo yak ideia vrehuliuvannia: osnovni zasady ta zavdannia systematyky administratyvnoho prava / Eberhard Shmidt-Assmann; [per. z nim. H. Ryzhkov, I. Soiko, A. Bakanov]; vidp. red. O. Syroid. - [2-he vyd., pereroblene ta dopovnene]. - K.: «K.I.S.», 2009.*
*26. Council of Civil Service Unions and others v Minister for the Civil Service [1984] 3 All ER 935.*
*27. Administrativnoye pravo zarubezhnykh stran. Uchebnoye posobiye. - M. Izdatelstvo «SPARK». 1996.*

**УДК 342.553**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАР

**Нұржан Сәулен**
*Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты, конституциялық, әкімшілік заңнама және мемлекеттік басқару бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері PhD докторы,*
*Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;e-mail: nuri_saulen@mail.ru*

**Нұргүл Сәулен**
*Сарыарқа аудандық сотының судьясы, Қазақстан Республикасы*
*Нұр-Сұлтан қаласының №1 Азаматтық соты, e-mail: saulen_komitet@mail.ru*

**Роза Диясқызы Берназарова**
*Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бас маманы, магистр,*
*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің аға оқытушысы,*
*Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.; e-mail: science.kuef.2017@mail.ru*

***Түйін сөздер:*** *Қазақстан Республикасының Президенті, Үкімет, мемлекеттік басқару, мемлекеттік басқару моделі, әкімшілік реформа, конституциялық нормалар, заң, мемлекеттік қызмет.*

***Аннотация.*** *Мақала мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформалар жүргізілу мәселелеріне арналған. Мәселен, әлемнің барлық елдерін қамтыған өркениетті дамудың жаңа сын-қатерлері мен жаһандану процестері ұлттық мемлекеттердің әлемдік құқықтық жүйеге одан әрі интеграциялануына ықпал ете отырып, жаһандық құқықтық тәртіптің қалыптасуына алып келуде. Бұл тенденциялар мемлекет пен қоғамның алдына түбегейлі жаңа міндеттер қояды, оларды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырмай ойдағыдай шешу қиынға соғады. Қазіргі заманғы елдерді, оның ішінде Қазақстанды қамтыған жаһандық дағдарыс мемлекеттерді мемлекеттік басқару тетіктері, оның әдістері мен қағидаттары туралы соңғы онжылдықтар бойы орныққан доктриналық түсініктерді қайта ойлауға тура әкеледі. Covid-19 коронавирусының әлемдік пандемиясы аясында қоғамның саяси және экономикалық жүйелерінің тұрақсыздығы, әлеуметтік саладағы тәуекелдердің өсуі байқалды, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері өзектендірілуде. Мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігінің төмендеу үрдісі, мемлекеттік басқару тетігін жетілдірудің маңызды құралы ретінде әкімшілік реформа жүргізудің жаңа өлшемдерін әзірлеу қажеттілігі туындады.*

*Мақала осы мәселеге қатысты, атап айтқанда жаңа цифрлық жағдайларда мемлекеттік билік органдарының білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету және т. б. салалардағы азаматтық қоғаммен қашықтықтан байланыс технологиялары ерекше мәнге ие болды. Авторлар осыған байланысты «Білім туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдарында «оқыту нысандары», «мемлекеттік қызметшілердің жұмыс нысандары» баптарымен толықтыра отырып, білім беру мекемелері*

*үшін де, мемлекеттік қызметшілер үшін де қашықтықтан жұмыс істеу нысандарын көздеу қажеттілігін ұсынды. Қашықтан басқаруға байланысты жаңа ақпараттық технологияларды енгізу жолымен әкімшілік реформа жүргізу және мемлекеттік басқаруды одан әрі жаңғырту жөніндегі проблемаларды қозғады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-әкімшілік басқаруды одан әрі жетілдіру мақсатында бірқатар мәселелерді шешуге, олардың шеңберінде бірқатар ұсыныстар берілді.*

# АДМИНИСТРАТИВНЫЕ РЕФОРМЫ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

**Саулен Нуржан**
*Ведущий научный сотрудник отдела конституционного, административного законодательства и государственного управления Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, доктор PhD, Республика Казахстан, г. Нур-Султан; e-mail: nuri_saulen@mail.ru*

**Саулен Нургуль**
*Судья Сарыаркинского районного суда, Гражданский суд №1 города Нур-Султан Республики Казахстан, e-mail: saulen_komitet@mail.ru*

**Берназарова Роза Диясовна**
*Главный специалист отдела организации научно-исследовательской работы, магистр, старший преподаватель Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, Республика Казахстан, г. Нур-Султан; e-mail: science.kuef.2017@mail.ru*

***Ключевые слова:*** *Президент Республики Казахстан, Правительство, государственное управление, модель государственного управления, административная реформа, конституционные нормы, закон, государственная служба.*

***Аннотация.*** *Статья посвящена вопросам проведения реформ в системе государственного управления. Так, новые вызовы цивилизованного развития и процессы глобализации охватившие все страны мира, приводят к формированию глобального правопорядка, способствуя дальнейшей интеграции национальных государств в мировую правовую систему. Эти тенденции ставят перед государством и обществом принципиально новые задачи, которые трудно успешно решать без повышения эффективности государственного управления. Глобальный кризис, охвативший современные страны, в том числе Казахстан, заставляет государства переосмыслить доктринальные представления о механизмах государственного управления, его методах и принципах, которые утвердились на протяжении последних десятилетий. На фоне мировой пандемии коронавируса Covid-19 отмечена нестабильность политических и экономических систем общества, рост рисков в социальной сфере, актуализируются вопросы обеспечения национальной безопасности. Возникла тенденция снижения качества и эффективности государственного управления, Необходимость разработки новых критериев проведения административной реформы как важного инструмента совершенствования механизма государственного управления.*

*Статья посвящена данному вопросу, в частности, особое значение в новых цифровых условиях приобрели технологии дистанционных связей органов государственной власти с гражданским обществом в сферах образования, здравоохранения, услуг и др. В этой связи авторы предложили предусмотреть в законах «Об образовании» и «О государственной службе Республики Казахстан» дистанционные формы работы как для учреждений образования, так и для государственных служащих, дополняя их статьями «формы обучения», «формы работы государственных служащих». Затронули проблемы по проведению административной реформы и дальнейшей модернизации государственного управления путем внедрения новых информационных технологий, связанных с дистанционным управлением. Также в целях дальнейшего совершенствования государственно-административного управления в Республике Казахстан был дан ряд предложений по решению ряда вопросов, в рамках которых были даны рекомендации.*

# ADMINISTRATIVE REFORMS IN THE IMPROVEMENT OF THE PUBLIC ADMINISTRATION SYSTEM

**Saulen Nurzhan**
*Leading researcher of the Department of constitutional, administrative legislation and public administration Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, doctor of PhD, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan; e-mail: nuri_saulen@mail.ru*

**Saulen Nurgul**
*Judge of Saryarkiyn District Court, Civil Court No. 1 of Nur-Sultan city of the Republic of Kazakhstan, e-mail: saulen_komitet@mail.ru*

**Bernazarova Roza Diyasovna**
*Chief Specialist of the Department of Organization of Research Work, Master's degree, Senior Lecturer of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan; e-mail: science. kuef.2017@mail.ru*

***Keywords:*** *President of the Republic of Kazakhstan, Government, public administration, model of public administration, administrative reform, constitutional norms, law, public service.*

***Abstract.*** *The article is devoted to the implementation of reforms in the public administration system. Thus, the new challenges of civilized development and the processes of globalization that have engulfed all countries of the world lead to the formation of a global legal order, contributing to the further integration of national states into the world legal system. These trends pose fundamentally new challenges for the State and society, which are difficult to successfully solve without improving the efficiency of public administration. The global crisis that has engulfed modern countries, including Kazakhstan, forces states to rethink the doctrinal ideas about the mechanisms of public administration, its methods and principles that have been established over the past decades. Against the background of the global Covid-19 coronavirus pandemic, the instability of the political and economic systems of society, the growth of risks in the social sphere, and the issues of ensuring national security are being updated. There is a tendency to reduce the quality and efficiency of public administration, the need to develop new criteria for administrative reform as an important tool for improving the mechanism of public administration.*

*The article is devoted to this issue, in particular, in the new digital environment, technologies of remote communication of public authorities with civil society in the fields of education, health, services, etc. have acquired special importance. In this regard, the authors proposed to provide in the laws "On Education" and "On the Civil Service of the Republic of Kazakhstan" remote forms of work for both educational institutions and civil servants, supplementing them with articles "forms of training", "forms of work of civil servants". They touched upon the problems of administrative reform and further modernization of public administration through the introduction of new information technologies related to remote control. Also, in order to further improve public administration in the Republic of Kazakhstan, a number of proposals were made to address a number of issues, within the framework of which recommendations were made.*

**DOI: 10.52026/2788-5291_2021_64_1_47**

*Кіріспе.* Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толды, алайда бұл үшін демократиялық мемлекеттің құрылысы үшін шағын уақытта республикада мәні жағынан күрделі өзгерістер енді. Атап айтқанда, Қазақстанның жаңа саяси жүйесінің позициясын нығайтқан екі Конституция, заңдар мен заңға тәуелді актілер қабылданды, ол жерде әрбір азамат мемлекеттік маңызды шешімдерді қабылдауға қатысы халық билігіндегі Парламенттен бастап, республикада және жергілікті жерлердегі тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін әр түрлі деңгейдегі атқарушы билік органдар өз функцияларын атқарды.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен әзірленген және 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда Қазақстанның көпұлтты халқы бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 25 жыл толуын атап өтті. Конституция құқық және ұлттық мүдделерді қорғау қағидаттары негізінде мемлекеттік құрылыс саласындағы орнықты саяси-құқықтық дамудың берік іргетасын қалады.

Әлемнің барлық дерлік елдерін қамтыған өркениетті дамудың жаңа сын-қатерлері мен жаһандану процестері ұлттық мемлекеттердің әлемдік құқықтық жүйеге одан әрі интеграциялануына ықпал ете отырып, жаһандық құқықтық тәртіптің қалыптасуына алып келді. Бұл тенденциялар мемлекет пен қоғамның алдына түбегейлі жаңа міндеттер қояды, оларды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырмай сәтті шешу қиынға соғады.

Мемлекет Басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»[1] атты Қазақстан халқына Жолдауында құқықтық дамудың векторларын нақты белгілеп, оның мәнін «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен айқындады.

Биліктің құқықтық қабілеттілігі, Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің және Конституциялық Кеңестің тиімді құқықтық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, сондай-ақ биліктің тәуелсіз сот тармағының жұмыс істеуі конституционализм мен тұрақты құқықтық дамудың анықтаушы факторларының бірі, биліктің поликратиялық моделінің өтуіне ықпал ететін мемлекеттік билік институттарын эволюциялық реформалаудың негізі болып табылады, онда мемлекет бірнеше билік орталықтарын, атап айтқанда Парламентте, сот органдарында, Президент пен Үкіметтің жанында құрады.

Сонымен бірге, Қазақстан қоғамының конституциялық-құқықтық дамуының стратегиялық мақсаттары «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға байланысты елдің объективті қажеттіліктерінен туындайды, оның мақсаты мемлекеттік басқару тетігін жетілдіру және оның азаматтық қоғамның әлеуметтік сауалдарын шешуге бағытталуы болып табылады.

Әкімшілік реформаны іске асырудың және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың маңызды міндеті билік пен азаматтық қоғамды шоғырландыруға, жария және жеке мүдделердің теңгеріміне кепілдік беруге қабілетті түсінікті идеялар мен қол жеткізуге болатын мақсаттарға негізделген нақты басқарушылық идеологияны тұжырымдау болып табылады. Әкімшілік реформа мемлекеттік басқару үшін кадрлар даярлау тәсілдерін қайта қарастыруды талап етеді. Жаңа цифрлық жағдайларда мемлекеттік қызметшілер креативті ойлауға қабілетті, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға төзімді мемлекеттік әкімшілік ету дағдыларын меңгеруі қажеттілігі туындады.

Мемлекеттік басқару қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларына мемлекеттің ұйымдастырушылық және реттеуші әсері болатын өзара байланысты әртүрлі бөліктер мен элементтердің ең күрделі және көп деңгейлі жүйесі болып табылады [1].

Осы анықтамадан мемлекеттік басқарудың жүйелік қасиеті болуы керек, соның арқасында мемлекетте әртүрлі құрылымдардың іс-әрекеттерін болжау, ұйымдастыру, реттеу және үйлестіру, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласындағы мақсаттарға, функциялар мен міндеттерге тиімді қол жеткізу орын алады.

Құқықтық әдебиеттерде әртүрлі авторлармен мемлекеттік басқару тар және кең мағынада түсініледі. Біріншіден, мемлекеттік басқару биліктің атқарушы органдарының – Үкіметтің, министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың және тағы басқа қатаң әкімшілік қызметін білдіреді. Екінші мағынада, мемлекеттік басқару биліктің барлық органдарының реттеуші қызметі ретінде түсініледі, оның көмегімен өкілеттіктердің функционалды бөлінуіне сәйкес әлеуметтік қатынастардың кең шеңберіне әсер етіледі [2].

[1] *Мемлекет Басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауы // https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy (қаралған күні 19.02.2021)*

Алайда, тәсілдердегі шамалы айырмашылықтарға қарамастан, екі жағдайда да мемлекет өзінің әр түрлі функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде нормативтік актілерге және қоғамның белгілі бір талаптары мен қажеттіліктеріне сүйенетін мемлекеттік басқарудың жалғыз субъектісі ретінде қарастырылады. Басқару функцияларын іске асыру құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың конституциялық мақсаттарына сәйкес келуге, тиімді, ұтымды және азаматтық қоғамның бақылауында болуға тиіс. Аталған жағдайлар, біздің ойымызша, қазіргі кезеңдегі мемлекет тиімділігінің маңызды факторлары болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару саласындағы басымдықтарды айқындаған маңызды саяси құжаттар Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Қазақстан – 2030» Жолдауы болып табылады. «Барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы» атты Қазақстан халқына Жолдауының басым бағыттары болып табылатын мемлекеттік қызметтің тиімді институтын құру[2], сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы, қазіргі заманғы мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың негізгі жолдарын айқындаған 100 нақты қадам – Ұлт жоспары белгіленді.

Барлық мемлекеттік институттар аумақтық даму мәселелерін реттеуге қатысады, бұл олардың негізгі функцияларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының өңірлерінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Қазақстан-2050 «Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына үндеуіне негізделеді[3]. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің табысты құрылымын қалыптастыру Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында және басқа да стратегиялық маңызы бар құжаттарда қойған негізгі міндеті болып айқындалған. Сапалы мемлекеттік басқару экономиканың орнықты дамуын, халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және тұтастай алғанда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін факторлардың бірі болуға тиіс.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 «Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Жарлығы шықты, ол ішінара мемлекеттік қызмет институтын оңтайландыруға мүмкіндік берді[4].

Қазақстандық қоғамды үдемелі экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртуды жүргізу қажеттілігі мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыру мәселелерімен тікелей байланысты. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік басқару моделін таңдау көбінесе басқару және мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылу формаларымен, сондай-ақ мемлекетте қалыптасқан саяси режиммен анықталады. Осыған байланысты әрбір мемлекеттің ұлттық, діни, экономикалық, географиялық және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру әдістеріне өз ықпалын тигізуге қабілетті өзге де факторларды ескеретін мемлекеттік басқарудың өз моделі болады.

Ғалымдардың пікірінше, қазіргі уақытта Европада мынадай модельдер қалыптасты: негізгі құндылықтары тиімділік, экономикалық және нәтижелілік және тағы басқалай болып табылатын басқарушылық тәсілге негізделген англо-саксондық модель, құқықтық тәсілге құқықтық мемлекеттің құндылықтарына, заңның үстемдігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және басқаларға негізделген германиялық модель және мемлекеттің барлық деңгейлерін басқаруда

---

*2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030 (қаралған күні 19.02.2021)*

*3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 «Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Жарлығы //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050 (қаралған күні 19.02.2021)*

*4 «Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығы.// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U070000304_ (қаралған күні 19.02.2021)*

басқарушылық және құқықтық тәсілдердің элементтері қалыптасқан скандинавиялық модельді атауға болады [3].

Сонымен қатар, кеңестік, классикалық, корпоративтік және басқа да түрленулер ерекшеленеді. Рационалды бюрократия қағидаттарына сәйкес келетін классикалық модель шешімдердің императивтілігіне, қатаң атқарушы тәртіпке, басқарушылық шешімдерді стандарттауға, жеке жауапкершілікке, саясат пен басқару функцияларын бөлуге негізделген.

Билік органдарындағы әртүрлі саяси топтардың өкілдігіне негізделген корпоративті модель XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Европада кеңінен таралды. Ғалымдардың пікірінше, бұл модель «корпоративтік басқару әдістерін мемлекеттік басқару аппараттарының қажеттіліктеріне бейімдеуге негізделген. Оның негізі барлық саяси және құқықтық процестерді толық ресімдеу, қоғамдық жүйенің тепе-теңдігін және тең субъектілердің бәсекелестігін қамтамасыз ету болып табылады» [4].

Сондай-ақ, Қазақстан тәуелсіздік жылдары мемлекеттік басқаруды реформалау бағытында маңызды қадамдар жасағанын, «электрондық үкімет» ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру жолымен мемлекеттік басқару саласына цифрлық технологияларды енгізу бойынша нақты қадамдар қабылданғанын, 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы *(бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет туралы Заң)* және т.б. қабылданғанын атап өткен жөн. Мемлекет әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің құрамына кіру жөнінде өршіл мақсаттар қойды.

2017 жылғы наурызда мемлекеттік биліктің тиімділігін арттыруға және Үкіметтің өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталған конституциялық реформа жүргізілді. Осылайша, Қазақстанда мемлекеттік басқару моделі Конституцияның базалық қағидаттарына негізделе отырып, әлемде қазірдің өзінде бар түрленулердің әртүрлі элементтерін ескереді, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және орталықсыздандыру бағытында дамуда.

Сонымен қатар, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында[5] жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының аражігін ажырату қажеттілігі атап өтілді.

Сонымен бірге, қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, тәуелсіздік жылдары мемлекеттік басқару саласында одан әрі тұрақты дамуға кедергі келтіретін және шешуді қажет ететін көптеген проблемалар жинақталды.

Қазақстан Республикасында атқарушы биліктің әкімшілік реформасын жүргізу қажеттілігі қазіргі кезде әлеуметтік қарама-қайшылықтардың, мемлекеттің орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына әсер етуі мүмкін түрлі қауіп-қатерлердің өсуі жағдайында айқын көрінді.

Мемлекеттік басқару жүйесін трансформациялау мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын, олардың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа электрондық технологияларды енгізусіз мүмкін емес. Осыған байланысты Цифрлық үкіметтің қалыптасуы, жаңа цифрлық жағдайларда жұмыс істеу үшін мамандар даярлау, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының құқықтық негіздерін қайта құру проблемалары ерекше өзекті болып табылады.

Қазіргі ғалымдардың пікірінше, «әкімшілік реформа өзінің мақсатты бағыттары бойынша мемлекет қызметінің тиімділігін арттыруға және мемлекеттік басқарудың заманауи әдістерін енгізуге бағытталуы керек. Терең әкімшілік реформаны жүргізу қажеттілігі өркениетті дамудың постиндустриалды кезеңіне өту қажеттілігімен де байланысты, оның нәтижесінде барабар және тиімді мемлекеттік басқаруды талап ететін қоғамның әлеуметтік құрылымының түбегейлі өзгеруі орын алады» [5].

Қазақстандық ғалымдар «әкімшілік қайта құруларды жүргізу қажеттілігі мемлекеттік аппарат жұмысының төмен тиімділігіне, мемлекеттік органдардың көптеген қайталанатын функцияларының болуына, мемлекеттік органдар құрылымындағы көптеген артық буындарға, жеке жауапкершіліктің болмауына, кәсібиліктің жеткіліксіздігіне,

*5 Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 2 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы // https://sputnik.kz/politics/20200901/14853677/zholdau-tolyq-matin.html (қаралған күні 19.02.2021)*

сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың тұрақты өсуіне байланысты» деп атап өтті. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпаған шаралар ұсынылады. Мәселен, бірінші кезектегі міндеттердің қатарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ведомствоаралық және өңірaралық үйлестіруді жетілдіру, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жеке жауапкершілігін арттыру көрсетіледі [6].

Профессор Э. Б. Мұхамеджанов «Қазақстанда мемлекеттік билікті жүзеге асырудың жаңа моделінің қалыптасуы билікті бөлу қағидатына негізделіп, мемлекеттік басқаруды одан әрі орталықсыздандыру бағытында жүруі және азаматтық қоғам институттарының дамуына ықпал етуі тиіс. Осыған байланысты, ғалым Қазақстандағы әкімшілік реформаның басым бағыттары ретінде мемлекеттік органдардың құрылымын жетілдіруді; мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыруды; мемлекеттік қызмет көрсетудің салалық стандарттарын әзірлеу мен енгізуді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуді атайды. Осы шараларды іске асыру мемлекет алдында мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының басқарушылық модельдерінің теориялық негіздерін де, оларды мемлекеттік билік қызметі барысында тексеруді де қажет етеді» [7].

Осыған ұқсас ұсыныстарды «әкімшілік реформаның негізгі мақсаты жеке адамның мүдделеріне жақындатылған әлеуметтік бағдарланған мемлекет қалыптастыру болуға тиіс деп санайтын басқа қазақстандық ғалымдар да айтады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттің де, қоғамның да басқару мәдениетін арттыруда түбегейлі өзгеріс қажет» [8].

*Ағымдағы жағдай.*

Бұл салада сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, мемлекеттік басқару жүйесін шамадан тыс орталықтандыру, іс жүзінде бір партиялық саяси режим, билікті бөлу қағидатының теңгерімсіздігі, өңірлердің дербестігінің болмауы, жергілікті басқару жүйесінің дамымауы, мемлекеттік қызмет тиімділігінің төмендігі және өзге де проблемалар бұрынғысынша неғұрлым өзекті болып қалатыны сөзсіз.

Мемлекеттік билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың тұрақты өсуі басқару саласындағы демократиялық процестерді тежейді. Мәселен, Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінде 2020 жылы Қазақстан 180 елдің арасында айтарлықтай жоғары 94-орында тұр[6].

Мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға байланысты бірінші кезектегі проблема барлық деңгейдегі билік өкілдерінің оң имиджін қалыптастыру қажеттілігі, сондай-ақ бизнес орта өкілдерінің мемлекеттік басқару саласына жол бермеуі болып табылады. Бір кездері Томас Джефферсон «саудагерлердің Отаны жоқ» деп айтқан [9]. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар үшін оң кемсітушілік қағидатын қолдану және олар үшін мемлекеттік лауазымға орналасуға заңнамалық тыйым салу (бизнесті сенімгерлік басқаруға беру туралы норманың орнына) мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін ішінара төмендетуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік реформа шеңберінде мемлекеттік басқарудың сапасын бағалау әдістемесін жетілдіру қажет: атап айтқанда, қабылданатын мемлекеттік бағдарламалар, басқарушылық шешімдер, заңдар, стратегиялар, жолдаулар және тағы басқалар. Әлемдік тәжірибеде өмір сапасының индексін, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін, адамның даму индексін, заңның үстемдігін және тағы басқаны қамтитын мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігінің әртүрлі әдістемелері әзірленіп, қолданылады. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты төтенше жағдайлар кезінде «қашықтан басқарумен» байланысты жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту қажеттілігі ерекше байқалды.

Бұдан басқа, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде мемлекеттік басқару Президенттің өкілеттіктерін кеңейтуді және 2003 жылғы 8 ақпандағы «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңына *(бұдан әрі – төтенше жағдай туралы Заң)* өзгерістер енгізуді талап етті. Алайда, мұндай іс-әрекеттер Президент пен Парламенттің нысаналы құзыретін ажырату, сондай-ақ олардың конституци-

[6] *Transparency International – Kazakhstan [Электрондық ресурс] https://www.transparency.org/en/cpi/2020/index/kaz*

ялық нормалар мен билікті бөлу қағидатына сәйкестігі проблемасын өзектендірді.

Президенттің төтенше жағдай режимін енгізу құқығы туралы конституциялық норма оны жүргізу шарттарының арасында мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуін бұзуды көздейтінін атап өткен жөн. Әрине, мұндай қажеттілік әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай кезінде осы режимді енгізудің негізі ретінде туындауы мүмкін. Алайда, бұл бөлімде «Төтенше жағдайда қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер» төтенше жағдай туралы Заңның 16-бабының Конституция нормаларына белгілі бір қайшылықтары бар.

Төтенше жағдай режимін және санитарлық қызметтер тарапынан міндетті карантиндік және тиісті шектеу іс-шараларын енгізу атқарушы органдар әрекеттерінің конституциялық еместігін көрсетеді, өйткені Конституция нормалары азаматтардың құқықтарын заңға тәуелді актілермен емес, тек заңдармен шектеу мүмкіндігін көздейді. Осыған байланысты төтенше жағдай режимінің қолданылу кезеңінде азаматтардың құқықтарын шектейтін шешімдер қабылдау тетігін заңнамалық тұрғыдан көздеу қажет.

Жергілікті атқарушы органдардың тиімді жұмысын ұйымдастыру және олардың басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы мәселелері «COVID-19» коронавирус пандемиясының салдарынан әлемде қалыптасқан жағдайға байланысты ерекше өзекті болып отыр. Бұл, ең алдымен, бірқатар шектеу сипатындағы шараларды, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтитын төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты.

Осылайша, туындаған экономикалық дағдарыс Қазақстанның алдына бірқатар сын-қатерлер мен елеулі проблемалар қойды. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285[7] Жарлығымен елімізде төтенше жағдай енгізілді. Жарлықта: сауда-ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметін тоқтата тұру; карантин енгізу, ауқымды санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру көзделген; ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салу; Қазақстан Республикасының аумағына кіруге және оның аумағынан көліктің барлық түрлерімен шығуға шектеу қою.

«COVID-19» короновирус пандемиясының экономикалық, саяси және қаржылық салдары мемлекеттерді ұлттық заңнаманы реформалауға және мемлекеттік басқарудың мақсаттары мен қағидаларын қайта қарауға мәжбүр етеді. Құқықтық даму векторының мемлекет пен азаматтардың жауапкершілігін арттыру бағытында өзгеруі мүмкін.

Заңдарда, әсіресе жеке тұлға мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас саласында көбірек шектеу нормалары пайда болады, мемлекеттік органдардың дискрециялық өкілеттіктерінің мазмұны артады. Дағдарыс жағдайында ақылға қонымды және қажетті конституциялық құқықтар мен бостандықтарды шектеу адам құқықтарының бұзылуы ретінде емес, олардың мүдделерін қорғау құралы ретінде қаралатын болады.

Осыған байланысты телекоммуникация желісіндегі азаматтардың конституциялық құқықтарының қазіргі шектеулеріне ерекше назар аудару қажет. Ақпараттық технологиялар мемлекеттік басқару саласына айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты қазіргі заманғы жағдайларда азаматтардың цифрлық құқықтарын нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру «электрондық демократияның конституциялық-құқықтық моделін қамтамасыз ету», білім беру саласын цифрландыру және цифрлық дәуірде жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету бағытында дамуға тиіс.

Біздің ойымызша, «COVID-19» короновирус пандемиясы кезінде ең осал болып табылған білім беру саласы жетілдіруді қажет етеді. Мәселен, 2020 жылғы 10 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Білім және ғылым министрлігінің

[7] *«Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығы //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000285 (қаралған күні 19.02.2021)*

бұл процеске дайындығына күмән келтірді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдарында «оқыту нысандары», «мемлекеттік қызметшілердің жұмыс нысандары» баптарымен аталған заңдарды толықтыра отырып, білім беру мекемелері үшін де, мемлекеттік қызметшілер үшін де қашықтықтан жұмыс істеу нысандары көзделуде.

Сонымен қатар, сабақтарды өткізу сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқыту жүргізілетін онлайн платформалардың, мемлекеттік органдар үшін бейнеконференциялар мен кеңестер тізбесін айқындау, қажет болған жағдайда тиісті бағдарламаларды мемлекеттік сатып алуды қамтамасыз ету қажет.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар ақпарат алмасу үшін өздерінің (отандық) онлайн платформасын әзірлеуі керек. Осыған байланысты ұлттық басымдықтарды айқындау және олардың көмегімен қашықтықтан оқыту үшін тиімді жағдайлар жасалатын ұзақ мерзімді стратегияларды әзірлеу қажет. Оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік беретін оқу процесінде қолжетімді және қауіпсіз цифрлық технологияларды кеңінен қолдануды дамыту талап етіледі.

Осылайша, Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі реформалау бүкіл саяси жүйені демократияландыру, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру, қызметтер көрсету сапасына тәуелсіз мониторингті қамтамасыз ету, жаңа ақпараттық құралдарды енгізу, шешімдер қабылдаудың жауапкершілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету арнасында жүруі тиіс.

*Қорытынды.* Қорытындылай келе, ел халқының өмір сүру деңгейі мен сапасы мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты екенін атап өткіміз келеді. Қазақстан Республикасындағы одан арғы әкімшілік реформалар жария билік органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік қызметшілердің функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру жолымен сыбайлас жемқорлықты жоюға, негізгі басымдығы қоғамның құқықтары мен заңды мүдделері болуға, мемлекеттік-әкімшілік басқаруды оңтайландыруға бағытталуға тиіс.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-әкімшілік басқаруды одан әрі жетілдіру мақсатында бірқатар мәселелерді шешу қажет, олардың шеңберінде бірқатар ұсыныстар бар.

Covid-19 коронавирус пандемиясы төтенше жағдай мен карантин кезіндегі мемлекеттік басқару жүйесіндегі бірқатар маңызды проблемалар мен кемшіліктерді атап өтті. Бүгінгі таңда бұл саладағы заңнама Конституция нормаларына толық сәйкес келмейді. Атап айтқанда, санитарлық қызметтер тарапынан шектеу іс-шараларын енгізу атқарушы органдар іс-әрекеттерінің конституциялық еместігін көрсетеді, өйткені Конституцияның нормалары азаматтардың құқықтарын заңға тәуелді актілермен емес, тек заңдармен шектеу мүмкіндігін белгілейді.

Елдің Негізгі Заңы мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда төтенше жағдай енгізуге жол береді. «Төтенше жағдай туралы» Заң төтенше жағдай режимін енгізудің екі негізін - әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қарастырса да, негізінен әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларға бағытталған. Екінші жағдайда мемлекеттік органдардың іс-қимыл тәртібі негізінен «Азаматтық қорғау туралы» Заңмен реттеледі.

Осыған байланысты Конституциялық Кеңестің «Мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуін бұзу» деген конституциялық норманы ресми түсіндіруі, сондай-ақ төтенше жағдай режимі қолданылатын кезеңде азаматтардың құқықтарын шектейтін шешімдер қабылдау тетігін заңнамалық реттеу қажет. Конституциялық тұжырымның айқын критерийлері және тиісті басқару шешімдерін қабылдау тәртібі болмаған кезде төтенше жағдайды енгізудің заңдылығы және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде шектеу шараларын пайдалану туралы мәселе туындайды. Екі заңның нормаларын салыстырудан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар барлық жағдайларда төтенше жағдай-

дың енгізілуіне әкеп соқтырмайтыны, тек адамдардың қауіпсіздігі, саяси тұрақтылық және тағы басқалары үшін елеулі салдарлар туындаған немесе туындау қаупі төнген кезде ғана байқалады. Сонымен қатар, екі заңдағы бірдей тұжырымдаманың мазмұны әртүрлі, бұл қолайсыз және оларды бір-біріне сәйкестендіруді талап етеді. Әсіресе, төтенше жағдайлар кезінде «covid-19» коронавирус пандемиясының таралуына байланысты «қашықтан басқаруға» байланысты жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы әкімшілік реформа жүргізу және мемлекеттік басқаруды одан әрі жаңғырту қажеттілігі мәселесі өткір болып көрінді.

Жаңа цифрлық жағдайларда мемлекеттік билік органдарының білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету және т. б. салалардағы азаматтық қоғаммен қашықтықтан байланыс технологиялары ерекше мәнге ие болады. Осыған байланысты «Білім туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдарында «оқыту нысандары», «мемлекеттік қызметшілердің жұмыс нысандары» баптарымен толықтыра отырып, білім беру мекемелері үшін де, мемлекеттік қызметшілер үшін де қашықтықтан жұмыс істеу нысандарын көздеу қажет.

Сонымен қатар, қашықтықтан білім беруді енгізу проблемалардың бірі ретінде оқу нәтижелерін растау, содан кейін дипломдар, сертификаттар және т.б. оқуды немесе онлайн курстарды бітіргені туралы электронды сертификат беру үшін оларды әзірлеу жеткіліксіз, бұл рәсім ұлттық ашық білім беру платформасы мен серіктес университеттердің маңызды заңды әрекеттері негізінде құрылуы керек. Осыған байланысты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «ашық білім берудің ұлттық платформасында жарияланатын онлайн-курстарды әзірлеу жөніндегі үлгілік ережелерді» әзірлеуді;

- ашық білім берудің ұлттық платформасы мен әріптес жоғары оқу орындары арасында «Онлайн-курстарды пайдалану арқылы білім беру бағдарламаларын іске асырудың желілік нысаны туралы» үлгілік шарт жасасуды;

-серіктес жоғары оқу орындарына білім алушылардың онлайн-курстарының нәтижесін сынақтан өткізу мақсатында «жоғары білім беретін білім беру ұйымында онлайн-курстарды игеру нәтижелерін сынақтан өткізу туралы» үлгілік ережені әзірлеуді ұсынамыз.

Қашықтықтан білім беру бағдарламалары мен онлайн-курстарға қойылатын сапа стандарттары мен талаптар сақталған жағдайда, оқуды немесе онлайн-курстарды бітіргені туралы сертификатты ЭЦҚ-сыз сертификат нөмірін бере отырып және адресатқа электрондық пошта арқылы жолдай отырып беруге болады деп тұжырымдаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. *Пикулькин А.В. Система государственного управления. Учебник. М. 2017. «Издательство ЮНИТИ-ДАНА», 2017.//https://znanium.com/bookread2.php?book=1028611&spec=1.*
2. *Алексеев С.В. Понятие государственного управления в современной науке административного права // https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-gosudarstvennogo-upravleniya-v-sovremennoy-nauke-administrativnogo-prava.*
3. *Калганова Л.А. Компаративные исследования европейской и российской моделей государственного управления // http://www.intelros.ru/pdf/sinergiya/9/1.pdf.*
4. *Халикова Ш.Б., Кайдарова А.С. Административная реформа в РК: проблемы, тенденции, перспективы. http://pps.kaznu.kz/en. Только гл интерф*
5. *Нисневич Ю.А. Административная реформа: цели и результаты. https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-tseli-i-rezultaty.*
6. *Нугманова Э.А. Теоретико-правовые основы проведения административной реформы в Республике Казахстан https://cyberleninka.ru/article/n/teoretiko-pravovye-osnovy-provedeniya-administrativnoy-reformy-v-respublike-kazahstan.*
7. *Мухамеджанов Э.Б. Конституционные основы административной реформы Республики Казахстан // https://www.sovremennoepravo.ru/.*

8. *Ахметов А.С. Административная реформа - основа модернизации системы государственного управления РК // https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-osnova-modernizatsii-sistemy-gosudarstvennogo-upravleniya-respubliki-kazahstan.*

9. *Томмас Джефферсон «О демократии». Высказывания и максимы. http://www.agitclub.ru/spezhran/amer/jeff/maxims.htm.*

## REFERENCES

1. *Pikul'kin A.V. Sistema gosudarstvennogo upravleniya. Uchebnik. M. 2017. «Izdatel'stvo YUNITI-DANA», 2017. //https://znanium.com/bookread2.php?book=1028611&spec=1.*

2. *Alekseev S.V. Ponyatie gosudarstvennogo upravleniya v sovremennoj nauke administrativnogo prava // https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-gosudarstvennogo-upravleniya-v-sovremennoy-nauke-administrativnogo-prava.*

3. *Kalganova L.A. Komparativnye issledovaniya evropejskoj i rossijskoj modelej gosudarstvennogo upravleniya // http://www.intelros.ru/pdf/sinergiya/9/1.pdf.*

4. *Halikova SH.B., Kajdarova A.S. Administrativnaya reforma v RK: problemy, tendencii, perspektivy. http://pps.kaznu.kz/en.*

5. *Nisnevich YU.A. Administrativnaya reforma: celi i rezul'taty. https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-tseli-i-rezultaty.*

6. *Nugmanova E.A. Teoretiko-pravovye osnovy provedeniya administrativnoj reformy v respublike kazahstan https://cyberleninka.ru/article/n/teoretiko-pravovye-osnovy-provedeniya-administrativnoy-reformy-v-respublike-kazahstan.*

7. *Muhamedzhanov E.B. Konstitucionnye osnovy administrativnoj reformy Respubliki Kazahstan // https://www.sovremennoepravo.ru/.*

8. *Ahmetov A.S. Administrativnaya reforma - osnova modernizacii sistemy gosudarstvennogo upravleniya RK // https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-osnova-modernizatsii-sistemy-gosudarstvennogo-upravleniya-respubliki-kazahstan.*

9. *Tommas Dzhefferson «O demokratii». Vyskazyvaniya i maksimy. http://www.agitclub.ru/spezhran/amer/jeff/maxims.htm.*

**ӘОЖ 340.12**

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Тимур Байжұманұлы Жұмағұлов**
*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Құқық және экономика факультеті, Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Философия докторы(PhD), Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhumagulov.timur@mail.ru*

**Ғалымжан Серікжанұлы Дәрібаев**
*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Құқық және экономика факультеті, «Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы, e-mail: galimzhan_2016@mail.ru*

***Түйін сөздер:*** *құқықтық сана, құқықтық мәдениет, тәрбие, құқықтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру нысандары, құқықтық білім беру, құқықтық насихат, заң практикасы.*